



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

• МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Әлемдік ғылым Арқаға келеді

Қарағандыда шетелдік университеттердің филиалдары жұмысын бастайды. Атап айтсақ, Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті базасында британдық Exeter университеті, Теміртаудағы Қарағанды индустриалдық университеті базасында Мәскеудің «МИСИС» ұлттық технологиялық зерттеу университетінің филиалы ашылмақ. Сондай-ақ, Қарағанды медициналық университеті негізінде Қазан федералдық университетінің филиалы жұмыс істейтін болады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыдағы Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде ғылыми-технологиялық хакатонға қатысқан Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек ғылымды елдің индустриялық қажеттілігіне бағыттау маңызды екенін атады.

– Өндірісті жаңа технологияға, ғылымға бағыттау керек. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру маңызды. Оның үстіне бұл қадам қосылған күн салығын арттыруға, бизнестің және тұтастай елдің бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға жол ашады. Экономика салалары бойынша жобалар портфелін негізінен агроөнеркәсіп кешені, денсаулық сақтау және химия өнеркәсібі құрайды. Нақты салалардағы бизнестің сұранысына қарамастан, машина жасау, туризм және өңдеу өнеркәсібі секторында



төмен деңгей байқалады. Өңірлер бойынша ғылыми жобаларды коммерцияландыруда Қарағанды қаласының ғалымдары белсенділік танытып келеді. Осы орайда ғалымдар игілігі үшін өңірде беделді университеттердің филиалдары ашылады, – деп атап өтті Саясат Нұрбек.

Жиынға қатысқан облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірде өндіріске бағытталған жобаларға, ғылым мен бизнестің өзара ықпалдастығына ерекше көңіл бөлінетінін атады.

– Коммерцияландыруға ұсынылатын басым ғылыми жобаларды жүзеге асыру бағалы мектептерді өндірудің тиімділігін

арттыруға сеп. Жобалар экологиялық жүктемені азайтып, сондай-ақ Қазақстанның тау-кен өндірісіндегі жетекші орнын нығайтуға мүмкіндік береді, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Министрдің айтуынша, университеттер жаңа білім беру технологияларын енгізетін, стартаптарды қолдайтын, ғылыми зерттеулер жүргізетін орталықтарға айналуы тиіс. Бұл орайда бизнес-сектормен ынтымақтастықты күшейту және студенттерге ғылыми зерттеулер жүргізетін мүмкіндіктер жасау маңызды.

– Бүгінде мемлекеттің ғылыми-технологиялық саясаты түбегейлі өзгерді. Алдымызда ғылым-

ды қажет ететін экономикаға көшу мақсаты тұр. Ғалымдарды ірі өндірістерге әкеліміз. Өндірістің нақты мәселесін анықтап, ғылыми қаржыландыруды сол мәселелердің шешілуіне жұмсаймыз. Ғалымдарды өндіріске бағыттап отырып, әр цехты зерттейміз. Қазіргі таңда кез келген тау-кен орындарын жер астынан игерудің жаңа әдістемелері қарастырылуда, – деп атап өтті Саясат Нұрбек.

Жиын барысында көтерілген бастама мен ұтымды ұсыныстар туралы газеттің келесі санынан оқитын боласыздар.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• КӨЛІК ҚАТЫНАСЫ

Жаңа бағыттың жолы ашық

Көктемнің алғашқы күні «Балқаш-Алматы», «Алматы-Балқаш» бағытындағы жаңа пойыз жолға шығады. Бұрынғы Балқаш тұрғындары Алматыға жету үшін алдымен Сарышаған станциясына барып, кейін Алматыға дейін пойызбен жүретін. Жаңа бағыт осы қолайсыздықты жояды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ақпаратына сүйенсек, бұл «Балқаш-Мойынты» учаскесінде екінші жол құрылысының арқасында мүмкін болды. Желінің өткізу қабілетін айтарлықтай арттырды. Жоба «Достық-Мойынты» бағытындағы теміржол қатынасын дамыту жөніндегі ірі инфрақұрылымдық бастаманың бір бөлігі болды.

Көлік қатынасының қолайлылығы мәселесі кәсіпкерлер палатасының Балқашта өткен отырыстарында бірнеше рет көтеріліп, туризмді дамыту жөніндегі кеңесте қаралған. Бұл бастаманың жалпы өңір экономикасының дамуы үшін маңызы зор.

– Көліктік логистиканы жақсарту туризмді дамытуда және өңір тұрғындары мен қонақтары үшін қызмет көрсету сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Өңірлер мен қалалар арасындағы байланыстарды нығайта отырып, жұмыстың көптеген бағыттары үшін жаңа мүмкіндіктер ашылды, – дейді «WORLD SERVICE GROUP» ЖШС коммерциялық директоры Александр Кулинич.

Поезд қозғалысының кестесіне сай Балқаштан Алматыға (жұп сандар бойынша) шығу – 07:52-де, ал Алматы-2-ге келу уақыты – 00:58. Ал, егер поезд Алматыдан Балқашқа (тақ сандар бойынша) 00:10-да шыкса, Балқашқа 15: 03-те келеді. Жол жүру ұзақтығы 17 сағаттан сәл асады.



Жұмыс берушіге де қолжетімді



Жұмысқа орналасушының жеке медициналық кітапшасы HR Епбек епбек ресурстары порталында қолжетімді болды. Құжатты «Жеке медициналық кітапшалар» бөлімінен, сондай-ақ, жұмыс берушілер үшін қызметкерлердің келісімін ала отырып, сұрау салу арқылы алады. Аталған құжат жыл басында электрондық форматқа енгізілген болатын. Енді аталған порталда да бар.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Электрондық жүйе қызметкерлердің 15 санатын қамтиды. Оның ішінде, қоғамдық тамақтану, дәріханалар, санаторий қызметкерлері, сондай-ақ, қызмет көрсету саласының жұмыскерлері мен медициналық персонал бар. Бұл санаттағы адамдар жылына бір рет немесе алты айда бір тексерістен өтіп тұрады. Енді жұмыс істеу үшін тұрақты медициналық тексеруден өту қажет азаматтардың жұмысқа орналасуын жеңілдетеді.

Жеке тұлғаның үшінші тұлғаларға беру үшін дербес деректерді өңдеуге келісімі мобилді азаматтар базасында тіркелген қызметкердің нөміріне SMS жіберу арқылы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі

министрлігінің дербес деректеріне қол жеткізуді бақылау сервисімен жүзеге асырылатынын атап өту қажет. Сондай-ақ, бұл келісу HR Епбек порталында немесе AppStore және GooglePlay арқылы жүктеуге болатын мобилді қосымшасында электрондық цифрлық қолтаңба көмегімен беріледі.

Кадрлық қамтамасыз етудің ақпараттық жүйелері бар жұмыс берушілерге Smart Bridge арқылы «Қызметкердің жеке ісі» тегін сервисіне қосылу мүмкіндігі беріледі. Бұл сервис HR Епбек порталында 2022 жылы іске қосылған және жұмыс берушіге қызметкердің келісімімен жеке куәліктен, білімі, жұмыс тәжірибесі, фото, медициналық анықтамалар және басқа да дербес деректерге қол жеткізуге мүмкіндік беру арқылы әңгімелесу және жұмысқа орналастыру процесстерін жеңілдетуге бағытталған.



• ТУРИЗМ


Ақсораңға туристер ағылады

Алаш арыстарының алтын бесігіне айналған Ақтоғай ауданының Шабанбай би ауылы «Үздік туристік ауыл» атанғанын естігелі Арқа жұрты бөркін аспанға атты. Ақтоғайға шетелден туристер жиі келеді. Ертеден солай. Жыл өткен сайын Беғазы-Дөңдібайдың мәдени ескерткіштеріне қызығушылық танытатын туристер, тіпті, көбейіп отыр. Онымен қоса, Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның туған топырағына тәу ететіндер де аз емес. Арқаның ең биік нүктесі Ақсораның биігін бағындырғысы келетіндердің де қатары мол көрінеді.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Туризм сарапшысы Жазира Жанкина «Шетелдік туристер қазір тамылжыған табиғат іздеп, тау мен тас аралағаннан гөрі елдің көне тарихын көп білгісі келеді», – дейді.

– Бізге жалпы шетелдерден турист көп келеді. Елшіліктермен тығыз жұмыс істейміз. Еуропалықтарды этнотуризм, экотуризм қатты қызықтырады. Қарағанды облысында алыстан келген меймандарды апаратын мекен көп. Мысалы, Ақтоғай ауданындағы Беғазы-Дөңдібайды іздеп келетін мейман саны жыл сайын өседі. Саяхатшылар бұл жердің тарихын интернеттен оқып, көруге құштар. Тісінше бізге жүгінеді. Өзім жол



бастап, талай мейманды Ақтоғай елінің гажап жерлері, тарихи мекендерімен таныстырып, алғысын алғаны бар. Жасыратыны жоқ, бұрын Ақтоғайдың өз басына жету мүң болатын. Жолы ойдым-ойдым. Қазір жол тақтайдай. Туризм дамуы үшін ең алдымен сапалы жол керек. Жақсы жол шаршатпайды. Енді Ақтоғайдан Қараталға дейінгі жолға асфальт төселсе, керемет болар еді, – дейді Жазира Құрмашқызы.

Шабанбай би ауылы халқының сырттан келген мейманына шаңырағының есігі ашық, дастарқаны

әзір. Бұған бұл елдімекенде экотуризмді дамытамыз деп БҰҰ грантын ұтып алған «Авалон» туристік агенттігі жол ашып берген. 2007-2008 жылдан бастап, Қытай, Франция, Америка, Аустралия секілді елдерден туристер ағылған.

Сол жылы аталған туристік агенттік ауылдағы жеті үйге қонақүй сертификатын берген. Құр бере салмай, шетелден келген қонақтарды қарсы алып, күту, тіпті, гидтің қызметіне дейін оқытып, үйретіпті. Осылайша, бұл туристік ұйымның Шабанбай би ауылының

үздік атануына айтарлықтай үлесі бар. Айтпақшы, 2012 жылы сапалы ауыз судың құбыры үй-үйге тартылғанда «Авалон» компаниясы жаңағы үйлерге қаражат үлестіріп, жуынатын бөлме мен әжетхана салдырған.

2013 жылдан бері ауылдағы «Сұлутас» қонақүйі табысты қызмет көрсетіп келеді. Қонақүй иесі Раушан Дүйсенбекова «Авалон» туристік агенттігі ұйымдастырған семинарға қатысып, қызмет көрсету сапасын жетілдірудің алғышартын жан-жақты ұғынып алыпты.

► 3-бет

Қызмет көрсетудегі қырсыздық кешірілмейді



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Облыста көктемгі егіс жұмыстарына дайындық басталып кетті. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдары 1 млн 188,6 мың гектарға себіледі. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 100,3 мың гектарға артық. Ал, дәнді дақылдар 956,9 мың гектар жерді алады. Одан бөлек, майлы дақылдар алқабы да өткен жылмен салыстырғанда 11,8 мың гектарға ұлғайғанын айту керек. Бұның барлығы сұранысқа сәйкес келу, табысты арттыру, егін мен шикізатты өткізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ, отандық өңдеу зауыттарының жүктеме қуатын арттыру үшін. Одан бөлек, аппарат жиынында мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі де сөз болды. Өткен жылы облыста 17251543 астам қызмет көрсетілсе, оның 17171832-і – электронды түрде. Осылайша, Қарағанды өзге өңірлермен салыстырғанда республика бойынша бірінші орынға шыққан. Осылар туралы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың басшылығымен өткен аппараттық кенесте айтылды.

тері және облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы – алда, – дейді Константин Павлович.

Басқарма басшысы мемлекеттік қызмет көрсету бойынша мемлекеттік органдармен тұрақты негізде бірлескен жұмыс жүргізілетінін айтады. Мәселен, өткен жылы мемлекеттік қызмет бойынша проблемаларды жою бойынша 16 ұсыныс жолданған. Бұл ұсыныстар Цифрлық даму министрлігі жанындағы мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ведомстволық комиссия-

Сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер:	Қызмет көрсетуде бұзушылықтар анықталған қала және аудандар үлесі:
<ul style="list-style-type: none"> Дәрігердің қабылдауына жазылу бойынша қызметтер саны – 11 016 581 Жедел медициналық көмекке шақыру бойынша қызметтер саны – 440 842 6 жасқа дейінгі мектеп жасына дейінгі балаларды кезекке қою бойынша қызметтер саны – 28 643 Білім беру ұйымдарына құжаттарды тапсыру және қабылдау бойынша қызметтер саны – 25 850 	<ul style="list-style-type: none"> 7,2% – ПРИОЗЕРСК қаласы 2,3% – ҚАРҚАРАЛЫ ауданы 2,2% – ШЕТ ауданы 0,9% – АҚТОҒАЙ ауданы

Инфографиканы жасаған А. Коктаева

Салтанат ГЛИЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Тауар өндірушілерге қолдау бар

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер сәуірдің соңы, мамырдың басында егіс алдындағы жұмыстарға кіріседі. Ал, облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Саят Мусин болса, мемлекет тарапынан қолдау жасалуда екенін айтады.

– Ауыл шаруашылығы министрлігі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мақсатында 60%-ға дейін трансферттік субсидиялау тетігін дер кезінде енгізді. Бұл фермерлерге 60 мың тоннадан астам тыңайтқыш сатып алуға мүмкіндік берді. Биыл 93 мың тонна көлемінде минералды тыңайтқыштарды қолдану міндеті қойылып отыр, – дейді Саят Мусин.

Жалпы, биыл 12,3 мың гектар алпаққа – картоп, 1,01 гектарға көкөніс отырғызылады. Одан бөлек, жоғары сапалы тұқым себу мен минералды тыңайтқыштарды қолдану мәселесі ерекше маңызды.

Аудандар ұсынған деректер бойынша көктемгі егісте 109,4 мың тонна – дәнді дақыл, 0,7 мың тонна – майлы дақыл, 7 мың тонна – жеміш, 36 мың тонна картоп тұқымы себілді.

– Бүгінде еліміздің басқа өңірлерінен және шетелден тұқым сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Тұқым сапасын анықтаушылар таңдалды, – дейді Саят Қабиденұлы.

Зиянкестер және арамшөптермен күресу де көктемгі жұмыстар алдындағы маңызды шара. Басқарма басшысы 95,2 мың литр пестицид сатып алуға шарт жасалғанын айтады.

– Егіс науқанын жүргізуге шамамен 10,5 мыңға трактор, 229 егіс кешені, 4,4 мыңнан астам сепкіш және 9,7 мың өзге де техника жұмылдырылады. Облыста 11 222 трактор және 2 100 комбайн бар. Одан

бөлек, машина-трактор паркін жаңарту үшін ауыл шаруашылық техникаларын түгіндеу жалғасуда, – дейді басқарма басшысы.

– Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің көктемгі егіс жұмыстары шығындарын субсидиялау үшін мемлекеттік қолдау көзделген. Жалпы сомасы – 4 млрд теңге. Жалпы, егіс алдындағы жұмыстарға ылғалды ұстау, топырақты дайындау кіреді. Ауарайы қолайлы болса, дикандар сәуірдің аяғы, мамырдың басында тұқым себуді бастайды, – дейді Саят Мусин.

Ермағанбет Бөлекпаев егіс науқанын оңтайлы агротехникалық мерзімде өткізу қажеттігін атап, бұл процесті бақылауда ұстауды тапсырды.

Қарағанды бірінші орында

Жалпы, облыста жергілікті атқарушы органдар 181 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетеді. Ал, оның 93,4 пайызын тұрғындар электронды түрде алады. Жыл сайын қызмет түрлерін электрондық форматта алушылар көбеюде екенін айтады облыстық ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Константин Ильинский.

– Мемлекеттік қызметтердің дені денсаулық сақтау саласында көрсетіледі. Тұрғындар дәрігерге жазылуды, жедел медициналық көмекке шақыруды электрондық форматта жүргізеді. Одан кейін мектепке дейінгі жастағы балаларды балабақша кезегіне қою, білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау да электрондық форматта жүзеге асады. 2024 жылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасына мониторинг жүргізу үшін 215 бақылау өткізілді. Егер мемлекеттік органдар бөлінісінде көрсетілген мемлекеттік қызметтердің жалпы санына қатысты бұзушылықтар үлесін қарастырып болсақ, Приозерск қаласы, Қарқаралы, Шет, Ақтоғай аудандарының әкімдік-

ның отырыстарында қаралған.

Ермағанбет Қабдулаұлы денсаулық сақтау саласында көрсетілетін қызметтерге қатысты өз ойымен бөлісті.

– Ресейдің Мәскеу облысында «Денис» атты чат-бот енгізілгені туралы оқыдым. Осы арқылы дәрігерге жазылу алдында пациенттердің 400 мың шағымын жинаған. Дәрігерге жазылудың 11 миллионнан астамы электрондық форматта жүргізілетіндіктен, біз де жасанды интеллекттің игілігін пайдаланып, осы тәрізді жаңашылдық енгізіміз керек, – деген облыс әкімі Константин Павловқа осы мәселені зерттеуді тапсырды.

Ермағанбет Қабдулаұлының айтуынша, чат-бот дәрігерге жазып қана қоймай, пациенттің жағдайына қарай, қандай бейіндік дәрігерге жазылу керектігін де ұсынады. Егер осы тәрізді қосымша біздің облыста да қолданылса, дәрігердің қағаз жұмысын азайтып, уақыттың көп бөлігін пациентке арнауға мүмкіндік береді.

Константин Ильинский облыста көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 99,5 пайызға электрондық форматта көрсетілетінін айтқан болатын. «100 пайызға жеткізу үшін не істеу керек?» деген Ермағанбет Бөлекпаевқа басқарма басшысы қағаз түрінде көрсетілетін қызмет түрі жыл сайын азайып келе жатқанын, бірақ, соған қарамастан бұл көрсеткіш 0 пайызға тең болмайтынын айтады. Себебі, қызмет түрін қағаз форматта алуды қалайтын тұрғындар әлі де бар.

Аймақ басшысы сондай-ақ, әлеуметтік желіде жиі айтылған «Халыққа қызмет көрсету орталықтарында» көрсетілетін қызметтерге қатысты шағымдар туралы да айтты.

– Тұрғындардың не кінесі бар?! Олар миллиондаған қызметтерді «Халыққа қызмет көрсету орталықтарынан» алады. Тіпті, атаған жерлердің техникалық жағдайы да біраз сұрақтар тудырады. Сондықтан, бір шешімге келу керек, – деді аймақ басшысы.

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Әлеуметтің әл-ауқатын көтеру үшін

Қарағандыда Үлкен Михайловка тұрғындарының көпжылдық мәселесі шешіліп, қауіпсіз және ыңғайлы теміржол өткелі салынды. Бұған дейін ересектер мен балалар оқуға немесе жұмысқа, дүкенге немесе дәріханаға бару үшін күн сайын өмірін қауіпке тігіп, теміржолмен өтуге тура келетін.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Қарағанды қаласында қауіпсіз және инклюзивті орта қалыптастыру үшін берілген тапсырмалардың орындалуын тексерді.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы Үлкен Михайловкадағы жаңа көпірді көрді. Оның ұзындығы шамамен 71 метр. Мүгедектігі бар адамдар мен баспалдақпен жүре алмайтын адамдар үшін лифтілер орнатылған. Жоба бойынша ашық өткел көзделген еді, бірақ, түзетулер енгізіліп, шатыр жасалды. Өткен жылдың соңында нысан пайдалануға беріліп, бүгінде станса ауданында тұратын мыңға жуық адам оны пайдалануда.

Көпір құрылысымен «Темір-Арқа» мердігерлік ұйымы айналысқан. Кәсіпорын басшысы Марат Әбілқайыровтың айтуынша, көпірді екі тірек ұстап тұр. Магистраль жұмыс істеп, пойыздардың қозғалысы тоқтамағандықтан, құрылыс күрделі жағдайларда

атап өтті «Ten Qogam» орталығының басшысы, Қарағанды облысы әкімінің мүгедектігі бар адамдар мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі Нияз Сүндетәлиев.

Ермағанбет Бөлекпаев күрделі жөндеуден кейін қантар айында жұмысын қайта бастаған «Дельфин» бассейні мен «Локомотив» стадионындағы спорт нысандарын аралады.

Мұнда түбегейлі өзгерістер жасалып, сондай-ақ, инклюзивті ортаға да назар аударылған. Мүгедектерге арналған автоматты көтергіштер орнатылып, белгіделген санитарлық тораптар жасалды.

1995 жылы салынған «Дельфин» бассейнінің ғимараты ешқашан күрделі жөндеуден өткен емес. Қазір мұнда заманауи материалдардан жасалған жаңа қасбет, шатыр, терезелер бар. Оның ішінде, екі бассейнің сыйымдылықтары жөндеуді, киім ауыстыратын бөлмелер мен жуына-



жүргізілді.

– Үлкен Михайловка тұрғындары теміржолдан өту мәселесін көтергеніне біраз болды. Бұл қауіпті учаске. Жауу жүргіншілер көпірі жасалды. Осылайша адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз еттік, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыс әкімі тәртіпті қадағалау және қандай да бір нысанның бүлінуіне жол бермеу үшін бейнебақылау орнатуды тапсырды.

Облыс әкімі Г.Головкин атындағы спорт кешенінде де болды. Кешенге күн сайын 1200 бала келеді, соның ішінде, жүзге жуығы ерекше қажеттіліктері бар балалар. Бұған дейін ғимараттың құрылысы барысында лифт қарастырылмаған. Бүгінде бассейн мен ойын залы орналасқан жоғарғы қабатқа шығу мәселесі шешілді.

– Облыс әкімінің тапсырмасы аясында мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың сұрауы бойынша мәселе шешілді. Лифт жұмыс істеп тұр. Функционалдық, әрі кең. Бүгінгі таңда ғимарат мүмкіндігі шектеулі жандардың қажеттіліктеріне бейімделіп, стандарттарға сай келеді, – деп

тын бөлмелері жаңартылды. Желдету және керіс жүйелері толығымен ауыстырылды.

«Локомотив» спорт кешенінде жөндеуден кейін күрес, ауыр атлетика және тенниске жаңа залдар ашылды. Бокс залын дайындау жоспарланған. Жазда «Спорт әр аулаға» және «Аула футболы лигасы» бағдарламалары жұмыс істейді. Сондай-ақ, әлеуметтік осал отбасылардың балаларына арналған жазғы спорт лагері жұмыс істейді.

Футбол алаңы қазір ашық. Ермағанбет Бөлекпаев тұрғындардың жылдың кез келген уақытында және кез келген ауа райында жаттығу үшін жабық құрылыстың жобасын дайындауды тапсырды. Облыс әкімі хайуанаттар бағына да барып қайтты, онда жаңа ғимаратты жақсартып, жетілдіру жалғасуда.

Бүгінде ғимараттың кіреберісі жаңартылды. Сирек кездесетін көбелектер мен экзотикалық жәндіктер жинақталған жаңа павильон пайда болды. Жаңа жоба бойынша жұмыстар жүргізіліп, жақында динопарк ашылады деп күтілуде.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Экологиялық сана қажет

Өңірде «Таза Қазақстан» акциясына орай күні кеше Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен табиғат және экология мәселесін талқылау мақсатында арнайы кездесу өтті. Қарағанды Жастар ресурстық орталығында өткен іс-шараға 30-ға жуық жас қатысты. Олардың қатарында студенттерден бөлек белсенділер, экологиялық ұйымдардың өкілдері де бар. Қалалық мәслихат депутаты және экобелсенді Василий Климаков арнайы қатысып, жастарға экологиялық мәселелерді шешу жолдары жайында айтып берді.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Василий Климаков экоакцияларды жиі ұйымдастырып, экология мәселесін шешуге атсалысып келеді. Ол өз сөзінде экологиядағы жастардың ролін де айшықтап берді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың пәрменімен қолға алынған экологиялық акциясы күні бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ. Осы мақсатта біздің тарашымыздан түрлі жұмыстар атқарылууда. Күн өткен сайын қаланың, жалпы, қоршаған ортаның экологиясы мемлекет үшін үлкен мәселеге айна-

лып барады. Ал, осы мәселені шешуде жастарға жүктелер міндет көп. Яғни, айналыны ластануды, қоқысты тиісті жерге тастап, қалдықтарды жинап жүруді әркім өзінен бастауы қажет. Алдағы 30-50 жылда не болатынын білмейміз. Бірақ, жастар алдағы уақытта көңілге тоқығанын өзінен кейінгілерге үйрететіні хақ. Сондықтан, біз экологиямызды сақтаймыз десек, жастардан бастауымыз қажет. Болашақта қандай да бір жоба немесе дүние ойлап табатын да осылар, – деді ол.

Қарағанды қаласы – ауасы ластанған қалалардың қатарында. Жиылған жұрт осы мәселені ортаға салып, өзара пікір алмасты. Биолог-оқытушы Денис Сирман



Қолжазды жасаған А. Коктаева

мен болашақ эколог Мәдина Әсетқызы да осы мәселеге алаңдаулы. Сондықтан, «Экоакцияларға жастар жиі қатысып, мәселені шешуге өзіндік үлесін қосса» екен дейді.

– Бұған дейін түрлі экологиялық

іс-шараларға қатыстым. Атап айтса, Федоров су қоймасын, Балқаштағы «Балдәурен» жазғы лагерінің маңайын қоқыстан тазарттық. Табиғатты аялау – басты міндетіміз. Сондықтан, әр жас осындай эко-

акцияларға қатысып, қоршаған ортаны қоқыстан тазартуға өзіндік үлес қосуы керек. Қазіргі уақытта осындай іс-шараларға қатысушылардың қарасы қалың. Бірақ, әлі де жастарды жұмылдырып, жастармен жұмыс істеуіміз керек. Экологиялық мәселені шешу үшін әуелі экологиялық сана қалыптастыру қажет. Яғни, әр адамды «Мен экологияға қалай атсалысамын?» деген сауал мазалауы керек, – деді Мәдина Әсетқызы.

Көтерілген мәселеге жастар тарапынан кері жауап та болды. Сарапшыларға сұрақ жолдап, идеяларымен бөлісті. Өрі жоспарланған іс-шараларға қатысуға да уағда етті. Енді үлкен жобалардың басы-қасында жүрген жастардың қатары көбейеді деген сенім мол.



ЖАЛПЫАТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Құттықтау

Қарқаралы ауданы, Сарыобалы ауылының тумалары, әкеміз **Бекеш Хасенұлы ТҮСПОВ** пен анамыз **Тишбала Мұсатайқызы ТҮСПОВАНЫ** ақпан айында қатар келген туған күндерімен құттықтаймыз! Алып бәйтерек, алтын қазық болған ата-анамыздың, қадірлі қазыналарымыздың отау құрғандарына биыл 60 жыл толды әрі әкеміз 85 жасқа, анамыз 80 жасқа толып отыр.



Жас ұрпаққа батасымен жол ашқан, жақсыға тілектес, балаларына мейірімді ата-анамыз – сіздер бүгінгі күннің тірі шежіресі ретінде біз үшін даналықтың қайнар көзі болып келесіздер. Әрбір берекелі ісіміз сіздердің ақ баталарыңыздан бастау алады. Сіздер біздің балалығымызда барды беріп өсіргендеріңіздей, біз де сіздерді алақанымызда аялауға әзірміз! Сіздердің қолдауларыңыздың арқасында қазір балаларыңыз бір-бір үлгілі шаңырақ боп бой көтерді. Немере-жендеріңіз де бір үйдің баласындай татулықты ту қылып өріс жайып келеді. Ендігі ғұмырларыңызда тек бала-шағаларыңыздың қызығын қызықтап, ұрпақтарыңызбен мың жасаңыздар!

Көңілін перзент деп жүз бөлген,
Шынайы құбылмас ізге ерген.
Бұл өмір тым көркем ғажайып,
Өкешім, анашым сіздермен.

Бакытым, бағалы сыйым дер,
Ұл-қыздың жайқалған күйін көр.
Немере-шөбере көп болып,
Бұйыртып шөпшек те сүйіндер.

Ізгі ниетпен құттықтаушылар: **балалары, келіндері, күйеу балалары, немере-шөберелері.**

т/б

• КӨРМЕ

Өнерде шекара жоқ

Қарағанды қалалық білім басқармасына қарасты №4 арнайы мектеп интернатының ұйымдастыруымен облыстық бейнелеу өнері музейінде ерекше балалардың шығармашылық көрмесі өтті. Көрме «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Шабыт» жобасы аясында ұйымдастырылған. Оған өмірдегі тоғыз арнайы мектеп-интернатынан 50-ден астам оқушы қатысып, олардың 100-ге жуық туындысы көрмеге қойылды.

Жоба биыл үшінші мәрте өткізілуде. Көрменің өзіндік ерекшелігі де бар екен. Яғни, арнайы мектеп-интернатының білім алушылары жетекшілерімен бірге жасаған туындыларын көпшілік назарына ұсынды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында ұйымдастырылған.

– Ұстаздар мен ата-аналар тарапынан ешқандай қарсылық болған жоқ. Керісінше, қолдау көрсетті. Ұсынылған



Қырғызбаева.

Көрмеге қойылған туындылардың басым бөлігі – пейзаж. №2 арнайы мектеп-интернаттың 7-сынып оқушысы Нұрасыл Талғатұлының да бірнеше пейзажы қойылды.

– Сурет салуды жаным жақсы көреді. 10 жасымнан бастап сурет сала бастадым. Көрменің өтетінін естіп бірнеше бағытта салынған суреттерімді ұсындым. Ұсынған суреттерімнің ішінде әсем табиғат, қысқы көрініс бейнеленген туындыларым басым. Бізге осындай мүмкіндік берілгеніне қуаныштымын. Көрмеге келіп, жаңашыл дүниелермен таныстым. Осы арқылы жаңа идея туындады, – деді ол.

Сонымен қатар, Аружан Жұмашованың «Ертегі қалашығы» деп аталатын туындысы да көпшілік назарын аударды. Авторы жұмысын толық аяқтауға бір апта уақытын арнапты. Көрмеге қойылған туындылар ерекше жандардың еңбегін паш етті.

Лаура АМАНТАЙ,
Е.Бокетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университеті
журналистика бөлімінің
IV курс студенті



жұмыстардың қатарында қаланың қысқы көрінісі, зәулім ғимараттардың макеті мен түрлі колөнер бұйымдары бейнеленген туындылары тандап алынды. Ұйымдастырушы міндетін өз мойнымызға алып, жаңа оқу жылы басында көрменің жоспарын әзірлеп, бекіткен болатынбыз. Қаңтар айында арнайы мектеп-интернаттарында ішінара іріктеу кезеңі өткізілді. Қазір облыстық көрмеге іріктелген үздік туындылар қойылды. Олар үшін бұл – үлкен жетістік. Әрі болашаққа деген сенімін нығайтып, шабыт беретіні сөзсіз, – деді №4 арнайы мектеп-интернатының басшысы Гүлнар

Ақсораңға туристер ағылады

(Соңы. Басы 1-бетте)

Онымен қоса, түрлі туризм сарапшыларының ақыл-көнесін қағазға түртіп алып, іске асырыпты.

– Ауылымыздың аты озып, қуанып жатырмыз. Енді, турист ағылады деп жер аяғының кеңігенін асыға күтіп отырмыз. Жылына бірнеше мемлекеттен 100-ге тарта турист келеді. Бір кездері туризм ошағына айналатыны түсімізге де кірмеген еді. Сол себепті, бұл көрсеткішке қуанамыз. Алыстан келген меймандардың көбі біздің қонақүйімізге түседі. Шетелдіктердің талғамы әртүрлі. Көңіл қалауына байланысты тағамдарын әзірлейміз. Үш мезгіл. Әсіресе, ұлттық тағамдарымызға тамсанатындар көп. Ақ сүттен әзірленетін ас түрлері оларға таңсық болса керек, тамсанып жейді. Бір қызығы шетелдіктердің көрсем, білсем, үйренсем деген алғыр ізденістерін өзіме сіңіре алдым. Олар құрттың, сүзбенің, қымыздың жасалу жолын көрсетуді сұрайды. Телефондарына түсіріп алып, қойын дәптерлеріне түртіп қояды. Саяхаттау мәдениеттері мықты. 2019 жылы Қарағанды зерттеу университеті Қытайдың Гонконг қаласында туризм саласы бойынша білім алып жатқан 50 студент әкелді. Бір апта болды. Ақсораң тауының етегіне киіз үй тігіп, күтіп алдық. Сол бір сәтіміз естен кетпейді. Одан біз керемет тәжірибе жинақтадық. Жылда Қарағанды медицина университеті студенттерінің де біздің ауылға келіп, демалатын дәстүрі бар. Одан бөлек, ел ішіндегі туристер де көп келеді, – дейді Раушан Дүйсенбекова.

Айтпақшы, қонақүйдің журналы бар екен. Келген туристер өзінің пікірін білдіріп, қолтаңбасын қалдырады. Осы уақытқа дейін бірде-бір оғаш пікір жазылмапты. Арқа елінің дархан көңіліне, қонақжай пейіліне дән риза болған олар қызмет көрсету сапасын ба бармақпен бағалапты.

Мұнда топтасып келетін отандық туристер де жетіп артылады. Оңтүстік өңірден келетін тұр Ақсораңға гана емес, Арқа жеріне маршрут сызып алыпты. Балқаш көлін жағалай келіп, Бектау ата, одан Әлиханнның атақонысына, Талдыбейітке соғып тәу етіп, Бағазы-Дәндібайдың тылсым тарихымен танысады. Содан Ақсораңның етегіндегі Шабанбай би ауылына келіп тоқтап, Ақсораң шыңын бағындырады да, Қарқаралыны бетке алатын көрінеді.

Ал, жылда жаз бойы Ақтоғай ауданының үздік әрі белсенді оқушыларына арналған «Арай» лагери жұмыс істейді. Ауыл шетіне киіз үй тігіліп, балалар тау-тасты аралап, қасиетті мекеннің сырына қанығады. Былтыр 350 баланы қабылдапты.



Еліміздің туризм әлеуеті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әрдайым назарында. «Еліміздегі туризмнің әлеуеті зор, көрікті жерлеріміз өте көп. Бірақ, сол жерлерге барып, демалуға әлі де жұрттың қолы жете бермейді. Бұл салаға тың серпін беру үшін, ең алдымен, инфрақұрылым мәселесін кешенді түрде шешіп, қызмет сапасын түбегейлі жақсарту қажет», – деген еді Президент. Сонымен қатар, туризм саласына көбірек инвестиция тартуды тапсырды.

– Міне, Қараталдың (көптің аузында осылай аталады) үздік туристік ауыл атануы – болашақ инвестор әкелер ігліктің алғашқы қадамындай. Әрі өңіріміз үшін өшпес тарихи сәт.

– Үздік атанғалы бері жастардың да талпынысы күшті, – дейді ауыл әкімі Асқар Мұратов.

– Бұл жаңалыққа ауылдың еңсесі көтеріліп қалды. Жылда «Авалон» туристік ұйымы туризмге қатысты семинар өткізетін. Соған қатыссақ деген жастардың ниеті күшейді. «Гид болсақ, туған жердің тарихымен келген меймандарды таныстырсақ, турист тартудың түрлі тәсілін меңгерсек», деген арман-ойлары бар. Мемлекеттің грант секілді қандай да бір көмегін тиімді пайдалансақ деген ынталары қуанып отыр.

«Авалон» компаниясы осы маусымда ұжыммен келіп, жастарды оқытып, қызмет көрсетуді жақсартамыз дейді. Бізде әлеует бар. Ауылдың манайының өзінде бірнеше нүкте бар. Ақсораңның шығыс бетіндегі Мырзақожа сайындағы сарқыраманың сұлулығы, Әулиетаудағы тылсым толы екі бірдей үңгір келушілерді тандандырмай қоймайды. 20 шақырым жердегі Қыпшақ ғибадатханасында, Желтау тауындағы таңба-

ласы тастарда, Жекежал қыстағы мен Қарашоқы тауындағы Бүркіт бейнесінде, Әулиетау үңгіріндегі біздің эрамызға дейінгі 3 мың жыл бұрын жосамен салынған суреттерде түрлі аңыз-әпсана жатқаны анық. Онымен қоса, балбалтастың 38 түрі бар. Осының бәрін білгісі келетін туристер біреуін қалт жібермейді. Ауылымыз өркениеттен алыс емес. Ұялы байланыс ұстайды. Beeline, Altel, Activ, Tele2 желілері бар. Интернет тартымдылығы – 4G. Тіпті, әр үй Wi-Fi орнатып алған. Аудан орталығына әкелетін Қарағандының да, Балқаштың да жолы тамаша. Енді, биыл ауылымыздан Ақтоғайға дейінгі жолдың 15 шақырымына асфальт төсемек. Жалпы арасы 40 шақырым. Жартысы асфальт-таса деген үмітіміз бар. Әйткені, осы бір қуанышты жаңалықтан соң ауылымызға ат шалдыратын мейман көбейеді, – дейді Асқар Көкеңұлы.

Гидтерді оқыту бойынша халықаралық тренер Арина Жаманқараева да бұл жаңалықты туризм ошағына айналу үшін үлкен мүмкіндік екенін айтады. «Әрмен қарай жетілдіріп, нағыз этноауыл жасаса, жарнамасын үдетсе», – деген пікірін қоса кетті. Алматыдағы туризмнің қара қазанына айналған миллионер ауыл Сатыны мысалға келтірді.

– Ақтоғай ауданына жол түскенде көрдік, барлық мүмкіндік барын. Тау етегіне киіз үй тігіп, шетелдіктерге ауылдың қонырқай тіршілігін көрсетсе, керемет болар еді. Қазір ауылды аңсап жүрген қаладағы ел де көп. Ауылы жоқ олар Шабанбай би ауылына ағылады. Instagram желісінен парақша ашып, жарнамамы күшейту керек. Таргетпен жұмысты ширату керек. Келген туристі гана күтіп, шығарып салмау керек. Ақтоғайға келген туристердің 70-80 пайызы

сөзсіз осы ауылға келеді. Дәп Ақсораң тауының баурайы, тарихи орындардың бәрі осы аймақта. Бұл ауылға Сатының мәдениетін толығымен әкелу керек. Қазір Саты ауылының кішкентай балалары да туризммен айналысады. Баланың өзі айына 1 миллиондай табады. Атын жалға берсе де. Мәселен, Ақсораңға шығу үшін аттарын жалға берсе болады. Аяғы ауыратын кісілер, үлкендер бұл қызмет түріне жүгінеді. Осылай ат туризмінің өзін қолға алуға болады. Одан бөлек, «УАЗ» автокөлігін алып, сонымен де туристерді тау-тасқа тасу пайдалы. Мұнан ақша табасыз және турист тартуға да жол ашасыз. Осындай қарапайым жолы арқылы туризмді түлетуге болады. Бұл жерде туризм қайнайды деп сенім білдіргім келеді. Мұндағы халық өте қонақжай екенін білемін. Еті, қымызы сондай дәмді. Мұның өзі турист тартуға сеп. Тек мәдениетті қалыптастыру керек. Осыдан он шақты жыл бұрын Саты ауылында да туризм әлеуеті әлсіз, мүлдем нөл еді. Сондықтан, мен келешегіне сенемін, – дегені үміт сыйлағандай.

Белгілі турооператордың тағы бір ұсынысы көңілге қонады. Қаладағы көлік көп өтеді деген жерге билборд іліп, Ақтоғайдың әсем жерлерін, тарихи мекендерін неге жарқыратып, жарнама лап қоймасқа?

Қорыта айтқанда, Шабанбай би ауылының туризммен шекесі шылқып кетуге мүмкіндігі жетіп артылады. Миллионер ауыл атануға әлеует бар, әрекетті де бастады.

Ақтоғай ауданы,
Шабанбай би ауылы

Суреттер
ауыл әкімдігінен алынды

Механизатор мерейі

Мамандықтың жаманы жоқ. Егер кімде-кім өз кәсібін меңгеріп, жұмысын адал атқарып, тапқан-таянған табысы маңдай терімен келсе, ол сол бейнетінің зейнетін де көреді. Міне, бүгінде 82 жасқа келіп, Нұра ауданының Мүзбел (бұрынғы Пржевальское) ауылында тұрып жатқан Штефан Киркені осы санатқа жатқызуға болады.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тың игеру жылдарында құрылған сол кездегі Пржевальский атындағы кеңшарға 18 жаспан жаңа асқан молдаван жігіті 1961 жылы осы аудандағы Чернигов селолық кәсіптік-техникалық училищесін кең бейінді тракторшы-машинист мамандығы бойынша бітірген бір топ достарымен келіп, қалып қойған болатын. Оған еш өкінебейді де. Осында отбасын құрып, ұрпақ өсіріп, табан аудармастан 50 жылдай еңбек етіп, атақ-марапатын да алып, абырой-құрметпен зейнет демалысына шықты.

– Қазіргі ақша мен мансап билеген заманда жұмысшы мамандықтары мен қарапайым еңбек адамдарының қадірі кеміп, құны түсіп кеткен еді. Енді Қазақстан халқына Жолдауында Президентіміз 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялағандан кейін олардың бәсі артып, беделі жоғарылайды деген сенімдемін, – дейді Штефан ақсақал. – Осы Жолдауда айтылғандай, «Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануы тиіс. Оз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі.

Жасынан осы қағидаға берік Киркенің көз алдынан шаруашылықтың жарты ғасырлық өсіп-өркендеуі, кейінгі құлдырап, қайта өрлеу кезеңдерінің бәрі де өткен. Ол оның мерейі үстем болуы үшін жан аямай тер төгіп, таң-

ның атысы, күннің батысы талмай жұмыс істеді. Алғаш еңбек жолын механизатор болып бастаған ол көктемде дән сеуіп, жазда шөп шауып, күзде егін орып, қыста қар тоқтатты. Осылайша жылдың төрт мезгілінде тыным таппай, тырбаңдаған тірлігінің арқасында егістік бригадасының бригадиріне дейін көтеріліп, одан кейін машина-трактор шеберханасының меңгерушісі қызметін 2010 жылы зейнетке шыққанша атқарып, соңынан ерген жастарға білгенін үйретіп, тәлімгер болып жүр. Себебі, ол техниканың да, адамдардың да тілін таба алады.

Кезінде кеңшар болған шаруашылықтары 1992 жылы жекешелендіріліп, «Алтын дән» ұжымдық меншік кәсіпорны, ол банкрот болған соң өндірістік кооператив болып, ақыры 1999 жылы «Пржевальское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылған. Осы ауылшаруашылық құрылымын 1996 жылдан бастап, қашан 2023 жылдың 19 тамызында мезгілсіз қайтыс болғанша білікті маман, тәжірибелі ұйымдастырушы Ықсан Таттыбаев отыз жылдай басқарған-ды. Ол өлден тарауға айналған шаруашылықты қайта құруды қолға алып, техникалық паркін жаңартып, егістік көлемін 25 мың гектарға дейін жеткізіп, барлық әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени нысандарды жаңғыртып, жөндеп, ауылды ыдыратпай сақтап қалды. Бұл жерден бірде-бір отбасы көшіп кетпей, қазір мұнда еңбек ететін 140 адам ай сайын орташа есеппен 350 мың теңгеден жалақысын, жыл соңында миллион теңгелеп үстемәкысын алып, шалқып өмір сүріп

ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ



жатыр. Сол қайта құрулар мен жаңартудың басы-қасында мұның өзі де жүріп, белсене атсалысқан.

Сол жанқиярлық еңбегі қай кезде де лайықты бағаланып, кешегі Кеңес заманында Ленин және «Октябрь Революциясы», Еңбек Қызыл Ту ордендерін өңіріне қадап, 3 рет Бүкілодақтық Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрсесіне қатысып, 1 алтын, 2 қола медаль алды. Ал, еліміз егемендік алғаннан кейін бір кездері өзі жұмыс істеген серіктестік ұжымының ұсынысымен 2022 жылы Нұра ауданының Құрметті азаматы атанды.

Бұл күндері Штефан Кирке жұбайы Светлана Александровна Мүзбел ауылында сау-саламат ғұмыр кешуде.

Нұра ауданы

Сурет автордан

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы заң саласының ардагері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Ortalyq Qazaqstan» газетінің тұрақты авторы

Жұмағұл Нығметұлы ШОЖЕНОВТІҢ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Абыройды асырған алғашқы алтын

Қытайдың Харбин қаласында IX қысқы Азия ойындарының алауы тұтанды. Азианың ашылу салтанатындағы «Мемлекеттер шеруінде» Қазақстандың көк байрағын шайбалы хоккейден ұлттық құрама мүшесі Әділ Бекетов пен шорт-трекші Ольга Тихонова ұстап шықты. Дегенмен, отандастарымыз жарыс басталады дегенше сайыстың біршама түрі бойынша бақ сынап, үздік нәтижелерді тіркеп үлгерген болатын. Ел қоржынына шорт-трекшілеріміз алғашқы, яғни, күміс медальді салды деп бір қуанып едік. Конькимен жүгіруден ерлер арасында сығға түскен Евгений Кошкин мен шаңғышы Константин Борцов та күміс иеленіп, қуанышымызды еселей түсті. Аяна Жолдас – Азия ойындарының қола жүлдегері. Шорт-тректен Қазақстанның әйелдер құрамасы күміс еншілесе, ерлер құрамасы 5000 метрлік эстафетада тұңғыш алтынды ел қоржынына салды.



Оңтүстік Корея құрамасына қарсы кездесу оңай болмады. Қос команда ойынның негізгі бөлімінде тең тарқасқан. Бірақ, отандастарымыз қосымша берілген уақытта жеңісті жұлып алды.

Шаңғымен жүгіруден ерлер арасындағы спринтте бақ сынаған Константин Борцовқа да күміс бұйырды. Мұның



Суреттер шығарушылардан

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қытай ашылу салтанатын ерекше форматта өткізді. 48 мың жанкүйер сиятын стадионға жұртты жинап, Азида ойындарының тарихында болмаған жанды интеллектуал пайдаланған. Оның көмегімен түрлі бағдарламаларды көрсетіп, көпшілікті таңғалдырды. Ел қоржынына алғашқы медальді шорт-трекшілеріміз салды. 2000 метрге аралас эстафетада бақ сынаған отандастарымыз жеңіс тұғырына бір елі ғана жетпей, күміспен күптелді. Команда сапында Денис Никиша, Әділ Галиахметов, Яна Хан, Малика Ермек өнер көрсеткен болатын. Екінші күмісті конькимен жүгіруден ерлер арасында өнер көрсеткен Евгений

Кошкин сыйлады. Отандасымыз 100 метр қашықтықты 9.47 минутта бағындырып, ел қоржынына екінші медальді алып келді. Шорт-тректен Қазақстанның әйелдер құрамасы да Азия ойындарының күміс жүлдегерлері атанды. 3000 метр қашықтықтағы эстафетаға Яна Хан, Ольга Тихонова, Малика Ермек, Зейнеп Құмархан, Алина Ажғалиева мен Мадина Жанбусинова қатысқан. Қазақстанның шайбалы хоккейден ерлер құрамасы үшін топтық кезең тәмам. Топтық кезеңде бес ойын өткізіп, жеңіліссіз келесі кезеңге жолдама алды. Отандастарымыз соңғы ойынында Жапонияны 1:4, Оңтүстік Корея құрамасын 2:1 есебімен жеңген болатын. Ал, әйелдер құрамасы да осал емес. Төрт ойында да жеңіске жетті. Тек,

алдында күміс жүлдегер атанған Жапония спортшысы ереже бұзғандығы анықталып, жарыстан шеттетіледі. Нәтижесінде, 2:58.28 секунд уақыт көрсеткішімен отандасымыз екінші орынға тұрақтады. Фристайл-акробатикадан бақ сынаған қазақстандық Аяна Жолдас 76.54 уақыт көрсеткішімен қола жүлде еншіледі. Конькимен жүгіруден әйелдер құрамасы қоланы місе тұтты. Командалық спринтте үздік үштікке енді. Фристайл-акробатикадан Ұлттық құрама қанжығасына күміс медаль байлады. Ерлер арасында 10 шақырымға еркін стильде шаңғы жарысынан Олжас Климин қоржынға қола салды. Әзірге Ұлттық құрама қоржынында 1 алтын, 5 күміс, 2 қола медаль бар.

• **ЖАҢА ФИЛЬМ**

Астарында – ақиқат, өзегінде өмір бар

Елімізде кино түсіретін режиссерлер тек Алматы мен Астанада бар деп ойлайтынбыз бұрын. Өңірімізде де жыл сайын қазақ кинематографиясына өнім беріп тұратын кинорежиссер бар. Ол – Қаршыға Иген. Осы уақытқа дейін бүгінгі қоғамның өзекті мәселелерін қозғаған он шақты туындыны көрерменге тарту етті. «Сарыжайлау» кинотеатрында «Көзімнің қарасы» атты жаңа туындының тұсауын кесті. Тұсаукесерге зиялы қауым өкілдері мен кинорежиссердің әр жаңалығын асыға күтетін тұрақты көрермені қатысты.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл – облыстық «Saryarqa» телеарнасының төл туындысы. «Saryarqa» – Қарағандының «Қазақфильмі» болып тұр бұл күнде. Қаршыға Иген туындыларына Сәкен театрының талантты актерлерінен бастап журналистерді, өнерпаздарды экранға шығарып жатыр. Былайша айтқанда, жоқтан бар жасап жатыр жергілікті кинорежиссеріміз. Арқадағы кино саласына қыруар қаражат пен айтарлықтай қолдау жасалмайтынын ескерген жөн. Жаңа туынды қарапайым отбасының тағдырын баяндайды. Немересін бір көруге зар болған, әйелінің соңынан кеткен жалғыз ұлының қамқорлығына, махаббатына зәру әке жанының қасіретін әңгімелейді. Қарашаңырақта жалғыз күн кешкен Мұқан ақсақал көршінің мылқау баласына қарайласа жүріп, мұң-құсаға батқаны да кеудендегі шер-шеменді қотарады. Көршінің баласы да – әке қамқорлығына, тәрбиесіне зәру. Марафина есімді келіншектің күйеуі – Ұлттық қауіпсіздік комитетінің офицері. Ол деструктивті діни ағым өкілдерін тұтқындауға арналған құпия операцияға кетіп, ұзақ уақыт үйіне оралмайды. Үйдегі адал жар мен әке мейірімін іздеген баланың да жан дүниесін туындыға арқау етіпті. Фильмнің негізгі өзегі – осы. Қоғамның келбетін суреттеу миссиясын атқарып тұрған басқа да сан-қилы тағдыр иелері бар. Фильмнің сценарийін Назира Өскенбайқызы жазыпты. Редакторы – сот саласының ардагері, публицист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, кеше ғана өмірден озған Жұмағұл Шөженов. Басты рөлде – Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның Халық әртісі, театр актері Кеңес Жұмабеков. Ол кинокартинадағы ақсақалдың тағдырын кешеді. Арқаға белгілі әнші Сейілбек Бохаев ауылдағы уәскелік полиция инспекторының, облыстық «Saryarqa» телеарнасы директорының орынбасары, облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы, белгілі тележурналист Жәнібек Садықанов ауыл әкімінің ролін сомдайды. Театр актері Бауыржан Нұрмағанбетов те осы қатарда. Айгүл Басуева, Зылиха Әбдіхалықова, Балтабай Ақтан есімді азаматтар да өздеріне бекітілген рөлдерді кейіпкер табиғатынан алшақтамай ойнап шыққан. Сонымен қатар,



«Руханият» қосымша білім беру орталығы мен Бұқар жырау ауданына қарасты Үштөбе ауылдық-округіндегі орта білім беретін мектептің оқушылары да қатысқан. – Ұлттық құндылықты дәріптеудің тәсілі көп. Солардың біреуі – кино. Қаршыға Иген әр фильмінде бүгінгі қоғамдағы өзекті тақырыптарды қозғайды. Соған көркемдік деңгейде назар аударады. Меніңше, фильмнің мазмұны өте салмақты, – деді сот саласының ардагері, фильм редакторы, марқұм Жұмағұл Шөженов. Кеңес Жұмабеков фильмнің сценарийі ұнағанын айтады. – Сценарийі ұнады. Баласын сағынған әке, әкесін сағынған баланың үні бар мұнда. Әкесі баласынан, баласы әкесінен мейірім күткен заман болып тұр. Туынды адам баласының кезуесіне аядай қажет мейірім мен махаббаттың жырын айтады, – деді Кеңес Жұмабеков. Премьерда туындыға атсалысқан шығармашылық топ пен актерлерге облыстық «Saryarqa» телеарнасының басшылығы мен «Сарыжайлау» кинотеатрының директоры Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табыстады. «Көзімнің қарасы» алдағы уақытта «Сарыжайлау» кинотеатрында тұрақты көрсетіледі. Сонымен қатар, аудандарға да жол тартпақ. *Сурет ұйымдастырушылардан*

• **СПАРТАКИАДА**

Ақ қар, көк мұздағы бәсеке

Теміртауда дәстүрге айналған «Ақ қыс – 2025» XXII облыс қалалары арасындағы және «Қарлы қыс – 2025» XXXV қысқы ауыл спартакиадасы өтті. Оған алты қала мен жеті ауданнан 500-ге жуық спортшы қатысып, қысқы спорттың төрт түрінен сығға түсті. Спартакиаданың ашылу салтанатына облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәниев қатысып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Негізі, екі спартакиада екі бөлек уақытта өтетін. Бірақ, біршама жылдан бері бір уақытта қатар өтіп келеді. Десе де, ережелері, спорт түрлері ауыспапты. Президенттік көпсайыс, конькимен жүгіру, шайбалы хоккей және шаңғы жарысынан әр қала және әр аудан өзара командалан сығға түседі. Биылғы «Қарлы қыс – 2025» XXXV қысқы ауыл спартакиадасына қатысушылар былтырғыдай емес. Әр аудан тыңғыллықты дайындалып келген. Әсіресе, Нұрдан келген хоккейшілер. Ақтық кезеңде Абай ауданының командасымен кездесіп, ойынның негізгі бөлігінде 1:1 есебімен тарқасқан. Ойын соңы буллит кезеңіне ұласып, соңында 2:3 есебімен жеңіске жетті.

Бұған дейін қос команда бірнеше мәрте кездесіпті. Өріге бармай-ақ, берітіндігін айтпайық. Осыдан екі жыл бұрын нұралық хоккейшілер ақтық кезеңде абайлықтармен ойнап, I орын иеленген. Былтыр да финалда кездесіп, жеңіліп қалған. Биыл да қос қарсылас тағы финалда тоғысты. Бұл жолы нұралықтар қарсыластарын сан соқтырып кетті. – Спартакиадаға дайындықты ерте бастадық. Әр ауылдан ойнап жүрген жігіттердің басын қосып, 15 адамды іріктендік. Бәрі тәжірибелі ойыншылар. Уақытылы ауысып, нәтижеге жұмыс істедік. Қарсыластарымыз осал емес. Біршама жылдан бері финалда кездесіп жүрген команда. Ойынның негізгі бөлігінде есеп тең түскенде, жанкүйерлердің қолдауы бізге дем берді. Былтырғы кателіктерімізді қайталамауға тырыстық. Нәтижесінде жеңіс біздің жағымызда қалды, – деді команда капитаны Шалғынбай Баспақов. «Ақ қыс – 2025» XXII қысқы облыс қалалары арасындағы спартакиадасына Қарағанды қаласының спортшылары да сақадай сайланып келіпті. Сөйкесінше керемет нәтиже көрсеткен. Жасақтаған командалары спорттың үш түрінен алтын алған. Бірақ, хоккейшілері ақтық кезеңде сүрініп, теміртаулықтардан айласын асыра алмапты. – Спартакиадаға дайындықты жыл басынан бастаймыз. Әуелі қатысушыларды іріктеп, жаттығу жұмыстарына содан кейін кірісеміз. Негізі біз жаттығуға баса



назар аударамыз. Бұл – командалық сайыс болған соң ауызбіршілік керек. Былтыр, жалпыкомандалық есепте I орын иелендік. Бұның бәрі спортшылардың еңбегінің нәтижесі. Биыл жарыс ережесіне сайкес спартакиадаға 30-дан астам спортшымен келдік, – деді Қарағанды қалалық дене

тәрбиесі және спорт секторының меңгерушісі Берік Досымбеков. Шаңғы жарысының ережесі бойынша әр командалан төрт адамнан қатысуы керек. Яғни, екі ер және екі әйел адам. Және жас ерекшеліктері де әрқилы болуы шарт. Осы талаптарға сүйене отырып, теміртау-

лықтар команда қатарына 60 жастағы Валентина Титовскаяны қосқан. 60-та демесеңіз, Валентина Викторовнаның қимыл-қозғалысы ширақ. Үнемі спортпен шұғылданып, түрлі байқауларға қатысып жүрген жан. Осы жолы да спорт бөлімі тарапынан шақырту түсіп, қаланың атынан өнер көрсетуін сұрапты. – Осындай сайыстарға үнемі қатысамын. Ал, спартакиадаға бесінші мәрте қатысып. Бес жыл қатарынан командалан II орын алдым. Өзім үнемі дайындалып жүргеннен болар, қиындықтар тумалы. Дегенмен, қобалжу болды. Әр сайыста өзін емес, команда үшін бақ сынайсың. Сондықтан, жақсы нәтиже көрсетуің қажет. Алдағы уақытта мені командаға қайта шақырып жатса, міндетті түрде келемін, – деді Валентина Викторовна. Жарыс қорытындысы бойынша «Қарлы қыс – 2025» XXXV қысқы ауыл спартакиадасында жалпыкомандалық есепте Абай ауданының командасы үздік атанды. Нұралықтар II орын иеленсе, III орынға Осакаров ауданының командасы табан тіреді. «Ақ қыс – 2025» XXII қысқы облыс қалалары арасындағы спартакиадасында Қарағанды қаласының командасы алдына қара салмады. Теміртаулықтар – II орын, Шахтинск командасы III орын еншіледі. Ал, Валентина Титовскаяға жарыстың «Ең үлкен қатысушысы» деген марапат тапсырып, сый-құрмет көрсетті. *Сурет ұйымдастырушылардан*

<p>ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет</p> <p>Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС</p> <p>Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА</p> <p>Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ</p> <p>Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА</p> <p>Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН</p> <p>Сайт редакторы І.Д. МҰҚАЙ</p> <p>Жауапты хатшы Ж.Қ. ШАЛҚАР</p>	<p>Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;</p> <p>Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19</p>	<p>• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. • Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. • Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. • Материалдың жариялану ақысы төленген ☑</p> <p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күнелі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй.</p> <p>Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru</p>	<p>«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJВKZKX БИН 000840001412</p> <p>Таралымы 4 706 №16 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.</p> <p>Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ</p>
--	---	---	---